

Тасқала ауылының жаңа көшесіне Қамаш Ешенұлы Омаровтың атын беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Тасқала ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 24 тамыздағы N 60 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 6 қыркүйекте N 7-11-127 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес және Тасқала ауылының тұрғындарының ұсыныс-пікірлері негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Тасқала ауылының бас жоспары бойынша, ауылдың солтүстік-батыс жағынан салынған N 71-ші шартты нөмерлі жаңа көшесіне Қамаш Ешенұлы Омаровтың аты берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тасқала ауылдық округінің әкімі *Г. Турганалиев*